

Әскери кафедра

**«ҚР ҚК МЕДИЦИНАЛЫҚ МҮЛІГІ МЕН
ТЕХНИКАСЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ
ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ ».**

№ 6 тақырыбы бойынша

ДӘРІС

- Медициналық жабдықтандыру медициналық қызметтің әскерді медициналық мүлікпен және техникамен жабдықтандыруының негізгі мақсаттарының бірі болып табылады, жаралылар мен науқастарға жәрдем көрсетуде, оларды емдеуде, санитарлы-гигиеналық және эпидемияға қарсы шараларды өткізуде, сондай-ақ жеке құрамды жалпы зақымдау қаруынан қорғау бойынша медициналық қызмет шараларын өткізуде бөлім мен подразделениелердің қажеттіліктерін үздіксіз және толық қанағаттандыру мақсатында ұйымдастырылады.
- Әскерді медициналық мүлікпен қамтамасыз етуді барлық дәрежедегі медициналық қызмет бастықтары ұйымдастырады, басқарушы медициналық мамандар, медициналық мүлікпен медициналық қызмет басқару органдарын қамтамасыз ететін подразделениелер мен мекемелер бастықтары, сондай-ақ медициналық соединениелер, бөлімдер және мекемелер бастықтары.

- Әскерді медициналық мүлікпен қамтамасыз етудегі жалпы басшылық арнаулы медицина қызметінің бастықтарына жүктеледі, **олар тиісті:**
- медициналық мүлікпен қамтамасыз етуді ұйымдастыруды , регламентирующие (действующие) басқарушы құжаттарды білу керек (бұйрықтар, наставления, ережелер т. б.), және оларды табандылық пен парасатты талап көрсете отырып, басшылыққа алу керек,
- қажетті медициналық мүліктерді алу және дер кезінде талап етуді, сол мүліктермен медициналық бөлімдерді, мекемелерді, сонымен қатар соединениялар мен бөлімдердің жеке құрамын қамтамасыз етуді ұйымдастыру,
- сол мүліктердің болуын тексеру, мүлікті медициналық қызмет подразделениелерінде, бөлімдерінде және мекемелерінде сақтау, пайдалану және тіркеуді бақылау;

Әскерді медициналық мүлікпен қамтамасыз етудегі медициналық қызметтің негізгі мақсаттары:

- қамтамасыздандыру бағалануы, қажеттілікті анықтау және медициналық мүліктерді талап ету;
- шұғыл тіркеуді жүргізу және медициналық мүлік бойынша есеп беру құжаттарын ұсыну;
- болатын ұрыста (операцияларда) подразделениелерді, бөлімдерді, соединениелерді және объединениелерді медициналық мүлікпен қамтамасыз етуді жоспарлау;
- подразделениелерді, бөлімдерді, соединениелерді және объединениелерді медициналық мүлікпен үздіксіз қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- техникалық қызмет көрсету және медициналық мүлік пен техниканы жөндеуді ұйымдастыру, сондай-ақ қызмет бойынша метрологиялық қамтамасыздандыру;

- медициналық мүлікпен қамтамасыздандыру подразделениелерінің жұмыстарына басшылық жасау және бақылау;
- медициналық мүлікті радиациялық, химиялық және биологиялық табиғатты зақымдау факторларынан қорғауды ұйымдастыру;
- ревизиялық-бақылау жұмысын ұйымдастыру және өткізу. белгіленген тіркеуді және есептеуді жүргізу.
- подразделениелерді, бөлімдерді, соединениелерді және объединениелерді медициналық мүлікпен үздіксіз және толық қамтамасыз ету бойынша мәселелерді шешу іске асырылады: қажетті медициналық мүлік қорларын алдын-ала (күні бұрын) дайындау,

Медициналық жабдықтаудың қамтамасыз етуші органдары, мекемелері және бөлімшелері.

- Медициналық мүлікпен жабдықтандыруды медициналық қызмет бастықтары барлық звеноларында ұйымдастырады (полкта-полктың мед.қызметінің бастықтары, дивизияда-дивизияның мед.қызметінің бастықтары, армияда-армияның мед.қызметінің бастықтары және т.б.).
- Олар медициналық қызмет подразделениелерінің, бөлімдерінің және мекемелерін медициналық мүлікпен қамтамасыз етілуіне жауапты және жинақталуына (сақталуына), пайдаланылуына (расходованием), жөнделуіне, тіркелу, жөнделу, есептік жағдайына үнемі бақылау жасауға міндетті.

Қамтамасыз етуші органдарға жататындар:

- ГВМУ-да – медициналық жабдықтандыру бөлімі;
- Майдандағы медициналық қызметте (басқару органы секілді) медициналық жабдықтандыру бөлімі
- Армияның медициналық қызметінде (басқару органы секілді) – медициналық жабдықтандыру бөлімі;
- Дивизияда – дивизияның медициналық қызметінің бастығы.
- Қамтамасыз етуші органдар өз жұмыстарын медициналық жабдықтандыру подразделениелері, бөлімдері және мекемелері арқылы іске асырады.

Оларға жататындар:

- орталық медициналық қоймалар;
- майданда – майдандық медициналық қоймалар, медициналық техниканы жөндеу подразделениелері, кислород тапқыштар отрядтары, қанды дайындау отрядтары, медициналық мекемелердің дәріханалары.
- армияда – армиялық медициналық қойма;
- дивизияда – дивизияның бөлек медициналық батальонының дәріханасы және қоймасы (медициналық жабдықтандыру бөлімі)
- полкта – полктың медициналық пунктiнiң дәріханасы.

■ **Оларға жүктеледі:** қабылдау, сақтау, тіркеу, жинақтау, босату, қызмет көрсету және медициналық техниканы жөндеу, оттекті табу, қанды және оның компоненттерін дайындау, медициналық мүлікті дайындау, толықтыру, расфасовка және босату.

- Медициналық жабдықтандыруға басшылықты медициналық қызмет бастығы жасайды, ал медициналық бөлімшелер мен мекемелерде – олардың командирлері (бастықтары).
- Медицина қызметінің басқару органының құрамында медициналық жабдықтандырудың медициналық мүлікпен қамтамасыздандыру мәселелерімен тікелей айналысатын және медициналық қоймалардың операциянды-өндірістік шаруашылық қызметінде басшылық жасайтын штаттық функционалды подразделениелері болады (бөлімдер, бөлімшелер).
- Бөлімдер мен медициналық мекемелерде медициналық мүліктермен қамтамасыздандырылу полктың медициналық пункттері мен емдеу-профилактикалық мекемелерінің функционалды подразделениелері болып келетін (госпиталдер, санаторийлер, поликлиникалар және т.б.) әскери дәріханалармен іске асырылады.
- Оларға қабылдау, сақтау, медициналық мүлікті тіркеу, оның пайдаланылуын бақылау, дәрілерді дайындау және босату, медициналық техниканы және басқа да медицинаға арналған заттардың жөнделуін ұйымдастыру жүктеледі.

Медициналық мүлік, оның жалпы сипаттамасы және жіктемесі.

- **Медициналық мүліктер деп-** зақымдану мен аурулардың алдын-алу және диагностикасы, жаралылар мен науқастарды емдеуде, оларды қарауда, санитарлы-гигиеналық және эпидемияға қарсы шаралар өткізуде, медициналық подразделениелерді, бөлімдерді және мекемелерді жабдықтау мен жабдықтандыруда, сондай-ақ оқыту мақсаттарында қызметпен қолданылатын техникалық, дәрілік және басқа да материалдық заттарды атайды.
- Әскери медициналық жабдықтауға өздерін тәжірибеде ақтаған, стационарлық, сондай-ақ далалық жағдайларда қолдануға және эксплуатацияға жарамды медициналық жабдықтандырудың негізгі тиімді дәрілік құралдар мен заттар қабылданады.

Медициналық мүлікке жататындар:

- дәрілік және дезинфекциялық заттар, бактериялық препараттар және құралдар, таңу құралдары және тігу материалдары, шығын (расходные) медициналық заттар, реактивтер және химикалии;
- медициналық аспаптар, приборлар және аппараттар; медициналық жиһаз бен жабдықтар; дәріханаларға, зертханаларға, арнаулы кабинеттерге, медициналық техниканы жөндеу мен тексеру шеберханалары мен зертханалар; қозғалмалы медициналық қондырғылар (установки);
- медициналық мүліктің жинақтары мен жиынтықтары (комплекты и наборы); медициналық арнаулы санитарлы-шаруашылық заттары: оптикалық шынылар және көзәйнектік оправалар, медициналық тіркеу мен есептік кітаптары мен бланкілері, сондай-ақ медициналы техниканы пайдалану (эксплуатация) мен жөндеу үшін қосалқы бөлшектері мен материалдары.

Медициналық мүліктер бейбіт уақытта:

- ағымды қамтамасыздандыру мүліктері мен
- дербес қордағы мүлік (неприкосновенного запаса), ал соғыс уақытында, сонымен бірге :
- арнаулы белгіленген мүліктер және жалпы тағайындалған мүліктер деп бөлінеді.
- *Ағымды қамтамасыздандыру медициналық мүлігі* негізі медициналық қызметтің күнделікті қажеттілігін қанағаттандыруға,
- Ал дербес қордағы (ДҚ) медициналық мүлік бөлімдер мен мекемелерді әскери уақыттағы штат және табел бойынша жаю мен қалыптастыруды қамтамасыздандыруға арналған.

- **Арнайы тағайындалған медициналық мүлік** әскери әрекеттер барысында медициналық көмек көрсету мен емдеуге арналған шығын материалдарының (расходных материалов) қысаң тізбесі, ол медициналық эвакуация кезеңдерінде медициналық жәрдем мен емдеу үшін арналған аса маңызды және өмірлік қажетті құралдардың қысқартылған номенклатурасын қамтиды. Мысалы, негізгі антибиотиктер, таңу материалдары, жақтаулар (шіндеуіштер-шины), шприцтер және т.б. Бұл мүліктің номенклатурасы жауынгерлік зақымдану сипатынан, емдеу және алдын-алу әдістемелеріне байланысты ауыса алады. Әскери әрекеттер барысында бұл тізбе (тізім) қысқартылуы немесе кеңеюі мүмкін, алайда барлық жағдайларда тізбе тек ең қажетті құралдарды қамтиды.
- **Жалпы тағайындалған медициналық мүлік (общего назначения)**-медициналық қызметтің ағымды мұқтаждықтарын қамтамасыз етуге қажетті жабдықтандыруда тұратын барлық қалған номенклатураны қамтиды.

■ Есептік белгісі және жарамсыздандыру реттілігіне қарай медициналық мүлік:

а) шығындалған

б) инвентарлық

■ **Шығындалған мүлікке** - бір сәтте және қайтарылымсыз пайдаланылатын заттар жатқызылады (дәрілік және таңу заттары, тігін материалдары және т.б.)

■ **Инвентарлық мүліктерге** – ұзақ қолданылатын, біртіндеп тозатын, эксплуатация және техникалық күтім (обслуживание) мерзімдері бар (приборлар, аппараттар, хирургиялық саймандар) заттар жатады.

■ Сапалық жағдайына қарай инвентарлық медициналық мүліктер бөлінеді:

■ пайдалануға жарамды (эксплуатацияға),

■ жөндеуді қажет ететін

■ пайдалануға жарамсыз (эксплуатацияға).

Пайдалануға жарамды мүліктер болып саналады:

- Жарамды (жаңа)
- Жарамды, пайдаланылған немесе пайдаланылып жүрген ;
- Жарамдылық мерзімі өткен мүлік, өндірістік сараптаманы қажет ететін;
- Жарамсыз;

Техникалық (сапалы) жағдайына байланысты инвентарлық медициналық мүлік 5 дәрежеге бөлінеді:

- *1-ші дәрежелі* –жаңа, пайдаланылмаған;
- *2-ші дәрежелі* –эксплуатацияда болған, жөнделген және пайдалануға жарамды;
- *3-ші дәрежелі* – орташа жөндеуді қажет ететін мүлік;
- *4-ші дәрежелі* –күрделі жөндеуге жататын;
- *5-ші дәрежелі* – ары қарай пайдалануға және жөндеуге жарамсыз.

Медициналық мүлік жиынтығы туралы түсінік, жиынтық жіктемесі.

- **Әскери қызметкерлердің жеке медициналық жабдығы** жарақаттанулар мен науқастануда жәрдем көрсетуге арналған, сондай-ақ қарсыласпен қолданған қарудың зақымдау факторларының жеке құрамға әсерінің алдын-алу немесе азайтуға арналған.

Әскери қызметкерлердің жеке медициналық жабдықтану құралдарына жататындар:

- Дәрі-қобдишалар (аптечкалар),
- Химияға қарсы және таңу пакеттері,
- Суды залалсыздандыруға арналған заттар,



AI - IM
 2 средство при
 отравлении ФОВ

1 антисептическое
 средство

3 противобаллистное
 средство

радиозащитное средство



4



4

противобактериальное средство



5



5

профилактическое
 средство



6

средство для
 обеззараживания
 питьевой
 воды

противорвотное
 средство



7

ПРИНИМАТЬ ПО УКАЗАНИЮ КОМАНДИРА

Жеке аптечка (ЖА-1М) қарудың қазіргі заман түрлерінің зақымдау факторлары әсерінің алдын-алу немесе азайту мақсатында жарақаттанушыларға алғашқы жәрдем көрсету үшін арналған. **(сурет 1.8.1).**

- Ол пластмасс қаптан тұрады, оның ішкі жағында дәрі-қобдишаға енген препараттардың тізімі және қысқаша қолданылуы (предназначение), және пеналдардағы немесе шприц-тюбиктердегі дәрілер жиынтығының тізімі келтірілген :

- Фосфорорганикалық улаушы заттармен зақымдануда көрсетілетін алғашқы жәрдем үшін арналған қызыл колпачокті 1 мл шприц-тюбиктегі заттек теріге және бұлшық етке зақымданудың алғашқы белгілерінде енгізіледі: ауыр тыныс алуда, сілекей ағу немесе тартылуларда және көру бұзылуда;

- Сары түсті пеналдағы фосфорорганикалық улаушы заттармен уланудың алдын-алудағы заттек—химиялық улану ошағына кіргенге дейін 20-30 мин бұрын 1 таблеткадан қабылданады; қажет болған жағдайда екінші таблетканы қабылдау уақыты 20-24 сағаттан кейін;

- Ауыруды басқанға боялмаған колпачокты 1 мл шприц-тубиктегі заттек-теріге немесе бұлшық етке күйгенде және жарақаттануларда қатты ауырса, травматикалық немесе күйікті шок дамуының алдын-алу мақсатында енгізіледі;
- Радиоқорғанысты заттек— малина түсті 2 пеналдағы 12 таблетка (біреуінің ішіндегісі – бір рет пайдаланғанға, екеуі-тәуліктік доза) қауіп болған жағдайда немесе тез арада сәулеленуден кейін командирдің бұйрығымен бір уақытта алты таблетка қабылданады (бір пеналдың ішіндегісі);
- Ұзақ уақытты сәулеленуден кейін, мысалы радиоактивті заттектермен зақымданған аймақта болса, 4-5 сағаттан кейін тағы 6 таблетка қабылдау керек (екінші пеналдың ішіндегісін);
- Боялмаған пеналдардағы бактерияға қарсы заттектер— биологиялық заттектермен зақымдану қауіпінде, сондай-ақ жарақаттану мен күйгенде (жаралық инфекцияның алдын-алу үшін) бір мезгілде 2 таблетка, 12 сағаттан кейін тағы 2 таблетка қабылданады.

- Көк түсті пеналдағы құсуға қарсы заттек – сәулелену қаупінде немесе одан кейін, сондай-ақ контузия мен травма нәтижесінде жүрек айну пайда болса қабылданады; тәулік барысында қайта қабылдануы керек болуы мүмкін; қабы бар 2 ампуладағы 1 мл антисептикалық заттек— жара айналасын өңдеуге қолданылады;
- Пеналдағы немесе конвалютадағы тексерілмеген су көздерінен ішілетін суды залалсыздандыру заттегі – бір флягада болатын 0,75 л суды, бір таблетка еріуінен 15 мин кейін залалсыздандырады, (су қатты зарарланса – 2 таблетка);
- **Медициналық жеке дәрі-қобдиша (МЖД) (АМИ)** – арнаулы тағайындалған бөлім мен подразделениелердің жеке құрамының жеке медициналық жабдықтандыруының предметі болып табылады.

- Жаралылар мен науқастарға алғашқы жәрдем көрсету үшін арналған және жарақаттану мен күйгенде ауырсынуды басады, жаралық инфекция мен бактериялық заттектермен зақымданудың алдын-алады, жараға және күйіктің үстіңгі бетіне алғашқы таңғышты салу, жара айналасын өңдеу және антисептиктермен көзді жуу, жұмыс қабілеттілігін жоғарылату, бас ауыруын қойғызу, жеке су қорын залалсыздандыру, артериялы қан кетуді уақытша тоқтатуды қамтамасыз етеді.
- **Құрамында:** наркотикалық және наркотикалық емес анальгетиктер, ЦНС стимуляторы, антисептиктер, антибиотик, суды залалсыздандыру заттектері, жөтелге қарсы дәрілер, жеке таңу пакеті, бактерицидтық жабыстырғыш пластырь, қан тоқтатқыш бұрау (жгут). Дәрі-қобдиша салмағы 500г, арнаулы пластмас қап пен қорғау қабында (чехол) орналасқан.



АО «Т. Вектор»

ПАКЕТ ПЕРЕВЯЗочный
индивидуальный тип АВ-3
с 2 подушечками

Стерильно

1996 год

цена

ТУ 4393-001-17752359-97

- **Жеке таңу пакеті (ЖТП) (сур. 1.8.3)** жаралану мен күйгенде алғашқы жәрдем көрсетуге арналған. Екі мақталы-мәрлілі 17×32 см көлемді (размерлі) жастықшалардан (қозғалмалы және қозғалмайтын), ұзындығы 7 м және ені 10 см мәрлілік дәкеден, қауіпсіз түйреуіштен, ішкі қағазды және сыртқы резеңкелі қабықтан тұрады.
- Сыртқы қабығы пакет ішіндегілерінің стерильдігінің сақталуын қамтамасыз етеді, сонымен бірге онда пакетті ашу және пайдалану тәсілі көрсетілген. Алайда аталған пакет қазіргі заманғы қарулармен зақымдануында жараның сапалы жабылуын қамтамасыз етпейді, оның мақталы-мәрлілік жастықшалары жараның бетіне (күйікке) жабысады. Қазіргі кезде жоғары атравматикалық және сорбциондық қасиеттері бар ықшамды таңу пакеті әскери сынақтан өткізілуде. Сонымен бірге, медициналық эвакуация кезеңдерінде қолданылу үшін иммобилизирленген дәрілік заттектерімен әр түрлі емдік таңғыштар дайындалуда, мысалы, антибиотиктермен.

Сурет 1.8.5. Жеке химияға қарсы пакет ЖХП-10-11



Медициналық мүлік жинақтары бөлінеді:

а) функционалды

б) арнаулы қолданысты

- **Функционалды жинақтар** бөлімнің медициналық пунктінің сәйкес функционалды подразделениелерінің, медициналық мекеме немесе белгілі бір мамандардың жұмысын қамтамасыздандыру үшін арналған. Олардың құрамына шығынды, және сонымен бірге инвентарлық мүліктер кіреді.

Бұл жинақтар бөлінеді:

- әскери жинақтар (ПФ, ВБ, В-1, В-2, В-5),
- госпиталдық жинақтар (Г-7, Г-8, және б..).
- арнаулы іс бөлмесі (кабинет) мен зертханалар үшін (Л- 1, Л-2, ЛВ, ЛВ, ЛС, ЛМП және б.).
- арнаулы медициналық көмек және т.б. үшін (УТ. ОХ. УХ и др.).

- **Арнаулы қолданысты жиынтықтар (специального назначения)** жаралылардың (зақымданғандардың) белгілі бір контингентіне медициналық жәрдем көрсету үшін арналған негізгі дәрілік және таңу құралдарын және басқа да шығын мүліктерін қамтиды.

АҚЖ өз алдына бөлінеді:

- **А.** дәрілік және таңу құралдарының жиынтықтары (Б-1,Б-3, Б-4,АНТ,РО-1,ЛУЧ,ОВ),
- **Б.** иммобилизацияға арналған жиынтықтар (Б-2, БГ).
- **В.** чумаға қарсы киім,
- **Г.** медициналық тіркеу және есептеу құжаттары

Жиынтықтарды арнаулы тізімдермен жинақтайды, онда заттардың номенклатурасы мен саны, олардың сақталу мерзімдері (жарамдылығы) және жиынтықпен жұмыс істеуге қажетті бір қатар басқа да мәліметтері көрсетіледі.

Алғашқы дәрігерге дейінгі жәрдем көрсетуге арналған медициналық сөмкелер мен медициналық мүлік жиынтықтары:

Жауынгерлік дәрі-қобдиша – "ЖДҚ"

- Өзі мен дөңгелектік және шынжыр табанды жауынгерлік машиналар мен әскери техника экипаждарына өзара алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге арналған. 3-4 жаралы мен күйгендерге жәрдем көрсетуге есептелінген (салмағы 2,1 кг.).

Санитар сөмкесі – «СС»

- Жаралылар мен науқастарға алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған. Санитардың, тасушы-санитардың, атқыш-санитардың, және жүргізуші-санитардың жабдығы болып табылады. 30 жаралы мен науқасқа жәрдем көрсетуге есептелінген (салмағы 4,2 кг.).

Медициналық әскери сөмке (МӘС)

- санитарлық нұсқаушы мен фельдшердің жабдығы болып табылады. (сур. 1.8.8).
- 30 жаралы мен күйгендерге, иондалған сәулеленумен, улағыш заттармен және биологиялық заттектермен зақымдаланғандарға жәрдем көрсетуге арналған (шығын мүлік бойынша-по расходному имуществу).



- Әр түрлі фармакотерапиялық топтардың дәрілерін, таңу құралдарын, дәрігерлік және басқа да қанды уақытша тоқтататуға, жара айналасын өңдеуге, жараларға және күйген жерлерге алғашқы таңғыштарды салуға, ашық пневмоторакста окклюзиондық таңғышты салуға, жаралық инфекцияның және иондалған сәулелену мен улаушы заттармен зақымдалудың алдын-алу,
- Травма мен күйіктерде өткір ауырсынуды басуға, психикалық және дене жұмыс қабілеттілігін арттыруға, купирование және психикалық пен психомоторлық қозушылықтарды басуға, естен тану күйінен шығаруға, құсудын алдын-алуға, көз бен жоғары тыныс жолдарының сілемейлі қабықтарын шаюға, сондай-ақ жасанды тыныс алуды және дене температурасын өлшеуге мүмкіндік беретін дәрілерді қамтиды.
- Мүлік МӘС қабында орналастырылады.

ДФ жиынтығы (далалық фельдшерлік)

- фельдшер мен батальон медициналық пункттерінің жабдықтандыруында тұрады. **(сурет1.8.9)**.
- 100 жаралы мен күйгендерге және 50 иондалған сәулелермен және улағыш заттармен зақымдалғандарға дәрігерге дейінгі жәрдем көрсетуге арналған. (по расходному имуществу). Ұрыс арасындағы кезеңде 50 науқастың амбулаторлық емделуіне есептелінген.
- Қан кетуді уақытша тоқтатуды, жара айналасын өңдеуді, жаралық инфекцияның, иондаушы сәулелену мен улаушы заттармен зақымдаудың алдын-алуды, травмалар мен күйіктерде ауырсынуды басуды, психикалық және дене жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуды, психикалық және психомоторлық қозуларды тыюды, естен тану күйінен шығаруды, жасанды тыныс алуды, дене температурасын өлшеуді, көздің және тыныс жолдарының сілемейлі қабықтарын жууды және басқа да іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

Медициналық жәрдем сөмкесі (МЖС)

- Арнаулы тағайындалған бөлімдер мен бөлімшелер санитарының, санитарлық нұсқаушысының және фельдшердің жабдығына кіреді.
- Ол жаралылар мен науқастарға алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсетуге және жеке медициналық дәрі-қобдишаларды (ЖМД) дәрілік және таңу құралдарымен толықтыруға арналған.
- Түрлі фарматерапевтикалық топтардың дәрмектерін, таңу құралдарын және дәрігерлік заттарды (қайшылар, анатомиялық қысқыш, медициналық термометр, қан тоқтатқыш бұрау-жгут, тыныс алу түтікшесі, қауіпсіз түйреуіштер) қамтиды.
- Артериалдық қан кетуді уақытша тоқтатуды, жара айналасын өңдеуді, травмалар мен күйіктерде өткір ауырсынуды басуды, жарақат пен күйік беттеріне алғашқы таңғыштарды және ашық пневмотороксте окклюзиондық таңғыштарды таңуды, жара инфекциясының алдын алуды, термометрияны және басқада шараларды қамтамасыз етеді.

Жауынгерлік дәрігер сөмкесі (ЖДС)

- Бөлім дәрігерінің жабдығында болады. 30 жаралы мен науқастарға (шығын мүліктері бойынша) алғашқы дәрігерлік көмектің жедел шараларын өткізуге арналған. Түрлі фарматерапевтикалық топтардың дәрмектерін, таңу құралдарын, дәрігерлік заттарды және хирургиялық аспаптарды, жаралылар мен науқастарды бақылау заттарын, инъекция құралдарын, артериялық қан кетуді уақытша тоқтатуға және жара айналасын антисептиктермен өңдеуге.
- Новокаиндық блокадаларды өткізуге (анестезия үшін), жара мен күйік беттеріне алғашқы таңғыштарды және ашық пневмотораксте окклюзиондық таңғыштарды таңуға, шокқа қарсы және антидоттық терапияны өткізуге, жара инфекциясының алдын алуға, психикалық және дене жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға, психикалық бұзылыстарды басуға, жедел амбулаторлық көмек көрсетуге және басқа да шараларды өткізуге арналған басқа да заттарды қамтиды.

Комплект ВБ жиынтығы (таңу амбулаториясы)

- Штат бойынша дәрігері бар бөлімдер мен бөлімшелердің медициналық пунктер жабдығында болады. Ол алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге арналған; шығын мүліктері бойынша- 100 жаралы мен күйгендерге, 50 иондаушы сәулелермен және улағыш заттармен зақымданғандарға, ал ұрыс аралық кезеңдерде – 50 науқасты амбулаторлық емдеуге.
- Түрлі фарматерапевтикалық топтардың дәрмектерін, бактериялық препаратты, қан ауыстырушы ерітінділерді, дезинфекциялаушы және басқа да заттарды, сондай-ақ кіші таңу жиынтығындағы хирургиялық аспаптарды, инъекцияға арналған құралдарды, науқастарды бақылау мен күту заттарын, кітаптар мен бланкілер медициналық шығын және басқада заттарды қамтиды.
- Жиынтық құрамындағылар артериялы қан кетуді уақытша тоқтатуға, жара айналасын өңдеуге, жаралық инфекцияның алдын алуға, шокқа қарсы және антидоттық терапия өткізуге, тыныс алу және жүрек-қантамырлық жүйенің бұзылыстарын болғызбауға, психикалық және дене жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға, психикалық және психикомоторлық қоздырғыштарды тоқтатуға және басуға, несеп қуығының қатетерлеуіне, термометрияға, инъекцияның және басқада шаралардың жасалуына мүмкіндік береді. Мүлік №1 бір медициналық жиыстырғыш жәшікте орналыстырылады.

Таңу құралдарының және жақтауыштардың (шин) жиынтықтары-комплектері.

- **Б-1 жиынтығы (таңу құралдары стерильденген)** бөлім медициналық пунктерінің функционалдық подразделениелерін, омедб соединениелерін, омедо, омедр және госпитальдерді стерильденген таңу құралдарымен қамтамасыз етуге арналған. 100 жаралы мен күйгендерге, аз көлемде күйгендерге дәрігерге дейінгі, алғашқы дәрігерлік немесе квалификациялық (арнайы-специализированной) медициналық көмек көрсетуге арналған.
- **Б-2 жиынтығы (жақтауыштары - шины)** бөлім медициналық пунктерінің функционалдық подразделениелерін, омедб соединениелерін, омедо, омедр және госпитальдерді жақтауыштармен қамтамасыз етуге арналған. Ол жаралы мен күйгендерге дәрігерге дейінгі, алғашқы дәрігерлік немесе квалификациялық (арнаулы-специализированной) медициналық көмек көрсетудегі 50 иммобилизациялауға есептелінген.

■ **Б-3 жиынтығы (зарарсыздандырылмаған таңу құралдары)** бөлім медициналық пункттерінің функционалдық подразделениелерін, омедб соединениелерін, омедо, омедр және госпитальдерді стерильденбеген таңу құралдарымен қамтамасыз етуге арналған. Ол 100 жаралы мен аз мөлшерде күйгендерге есептелінген.

■ **Б-4 жиынтығы (күйгендерге арналған стерильді таңу құралдары)** күйгендерге медициналық көмек көрсетудегі қажетті стерильденген таңу құралдарымен қамтамасыз етуге арналған. Үлкен көлемді күйігі бар 100 адамға алғашқы дәрігерлік немесе квалификациялық (арнайы) медициналық көмек көрсетуге есептелінген.

■ **БГ жиынтығы (гипстық дәкелер)** бөлім медициналық пункттерінің функционалдық подразделениелерін, омедб соединениелерін, омедо, омедр және госпитальдерді гипстік дәкелермен қамтамасыз етуге арналған. Квалификациялық (арнаулы-специализированной) медициналық көмек көрсетуде 12 гипстік таңғыш салуға есептелінген.

- **В-1 жиынтығы** (үлкен таңғыш-перевязочная большая) бөлім медициналық пункттерінің функционалдық подразделениелерін, омедб соединениелерін, омедо, омедр және госпитальдердің жабдықтарында болады. Жаралы мен күйгендерге алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге арналған және бір дәрігер мен екі медбикенің жұмысын қамтамасыз етуге есептелінген.
- Құрамында үлкен және кіші таңу жиынтықтарындағы хирургиялық аспаптар, инъекцияға арналған құралдар, науқастарды бақылауға және күтуге арналған заттар, медициналық шығын заттары, тігіс-жапсар (шовные) материалдары, кітаптар мен қан кетуді уақытша және толығымен тоқтату, тігіс және таңғыш салу, плевралдық пункция мен торакоцентез, өкпеге жасанды үрлеуі арқылы асфикцияны болғызбау, ал қажет болған жағдайда трахеостомияны өткізу,
- Несеп қуығының катетеризациясын, артериялық қысымы мен дене температурасын өлшеу және де басқа да шараларды өткізу мақсатында жаралардың жұмсақ тіндерінің хирургиялық өңдеуін және басқа да локализацияларды өткізуге мүмкіндік беретін және басқа да заттар бар.

В-2 жиынтығы (қабылдап-іріктеу;)

■ Бөлім медициналық пунктерінің функционалдық подразделениелерінің, омедб соединениелерінің, омедо, омедр және госпитальдердің жабдығында болады. Ол алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге арналған және бір дәрігер мен екі медбикенің жұмысын қамтамасыз етуге есептелінген.

■ Құрамында кіші таңу жиынтығының хирургиялық аспаптары, инъекцияға арналған құралдар, науқастарды бақылау және күту заттары, медициналық шығын материалдары, кітаптар мен бланкілер және де артериялық қан кетуді уақытша тоқтатуға, тампонада және жара туалетін өткізуге, тігіс және таңғыш салуға, трахеостомия өткізу арқылы асфиксияны болдырмауға, артериялық қысымды және дене температурасын өлшеуге, несеп қуығының катетеризациясын және басқа да шараларды орындауға мүмкіндік беретін басқа да заттар бар. Мүлік №1 бір медициналық жиыстырғыш жәшікте орналастырылады.

В-3 жиынтығы - арнаулы жәрдем

- Полктардың медициналық пункттеріне (ОБАТО) арналған. Иондалған сәулелермен, улағыш заттармен зақымданған 200 адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге есептелінген. (салмағы – 39 кг).

- **В-4 жиынтығы** — полктың медициналық пунктiнiң аптекасы. (Полктың) бөлiмнiң медициналық пунктiнiң дәрiханасын жабдықтандыруға арналған. 100 жаралы мен иондалған сәулелермен, улағыш заттармен 50 зақымданған адамдарға алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсетуге арналған дәрмектерді қамтиды. Ұрыс аралық кезеңде бір ай бойы полктың науқастарының амбулаторлық емін қамтамасыз етеді (салмағы – 51 кг.)

В-5 жиынтығы -дезинфекция.

- Медициналық мекемелердің әскери бөлiмдерiн жабдықтандыруға арналған. Санитарлық көлiк пен бөлмелерге ылғалды (влажная) дезинфекция өткізуге арналған (**на площадь до 500 м² при споровых и до 3300 м² при вегетативных формах**): 33 кг iш киiмдi (белья) залалсыздандыруға; 100 адамды жәндік шаққанынан қорғауға. Салмағы 49 кг.

Квалификациялық медициналық көмек көрсету үшін арналған медициналық мүлік жиынтықтары(комплектілері).

Жалпы дәрілік заттар – «Г-1».

- Жеке мед.ротаның, Омедб, Омедо, әскери далалық госпитальдердің дәріханаларына арналған. Квалификациялық медициналық көмек көрсету үшін және жаралылар мен науқастарды емдеуге арналған жалпы пайдалану дәрмек құралдарын қамтиды. 5 тәулікке 500 жаралы мен науқасқа, және ӘДГ (ВПГ)- 15 тәулікке 300 аралас төсекке есептелінген. (Салмақ 79 кг.)

Терапиялық дәрілік заттар – «Г-2».

- Жеке мед.ротаның, Омедб, Омедо, әскери далалық госпитальдердің дәріханаларына арналған. Квалификациялық және арнаулы медициналық көмек көрсету және терапиялық науқастарды емдеу дәрмектерін қамтиды. Г-1 жиынтығымен бірге 500 терапиялық науқасқа 5 тәулікке, ал ӘДГ -200 терапиялық және 100 инфекциялық төсекке 15 тәулікке қолдануға есептелінген (Салмағы 26 кг.).

■ «Г-3» Неврологиялық дәрілік заттар

- Омедб, Омедо, ӘДГ дәріханаларына арналған. Психоневрологиялық науқастарға мамандырылған және арнаулы көмек көрсету үшін және емдеуге арналған дәрмектерді қамтиды. Г-1 жиынтығымен бірге Омедб, Омедо-да 5 тәулікке 500 психоневрологиялық профильдегі науқастарға, ал ӘДГ -15 тәулікке 200 неврологиялық профильдегі төсек-орынға есептелінген. (салмағы 37 кг.)

■ «Г-4» жиынтығы хирургиялық дәрілік заттар.

- Омедб, Омедо, ПГ хирургиялық профильдегі дәріханаларға арналған. Жаралылар мен күйгендерді емдеуде квалификациялық хирургиялық көмек көрсетуге арналған медикаменттерді қамтиды. Госпитальдың 200 хирургиялық төсек орнының 15 тәулік жұмыс орнына немесе Омедб, Омедо 500 жаралыларына 3 тәулік бойы көмек көрсетуге есептелінген. (Салмағы 84 кг.).

- **«Г-5» жиынтығы. Ассистенттік дәріхана.** ОМедБ, Омедо, жеке мед.ротаның және ӘДГ дәріханаларында дәрілік формаларды дайындауға арналған. Провизорға (фармацевқа) есептелінген, шығындық мүлік бойынша – бір айлық жұмысқа. **Может быть использован для развертывания одного рабочего места фасовочной медицинского склада. (Салмағы 93 кг.).**

«Г-6» жиынтығы. Инъекциондық дәріхана.

- Жеке мед.ротаның, дивизия Омедб, Омедо, ӘДГ дәріханаларында стерилді дәрілік формаларды дайындауға арналған. Провизорға (фармацевке) есептелінген, шығындық мүлік бойынша – бір айлық жұмысқа. (Салмағы 131 кг.).

«Г-7» жиынтығы (кіші операциондық)

- құрамалар омедб, омедо, омедр және госпитальдың операция жасайтын бөлімшені (операционный) (ауыр жарақаттанушыларға арналған таңу бөлмесі) жабдықтандыруға арналған.

- Ол бір хирургиялық бригаданың шұғыл шараларды орындауына, жаралылар мен күйгендерге квалификациялық хирургиялық жәрдем көрсетуіне есептелінген. Хирургиялық аспаптарды жиынтықтармен (кіші операциялық және таңу жиынтықтары, арнаулы жиынтық) және бөлек құралдар ретінде, инъекция құралдары, науқастарды бақылау мен күту құралдары, тігу материалдары, медициналық шығын және басқа да құралдар ретінде қамтиды.
- Бұл жинақ құрамындағылар көмегімен сыртқы артерия қан кетуін тоқтатуға болады, жұмсақ тіндер мен аяқ-қол басының, сүйегінің зақымдануымен жалғасқан, жараларын өңдеуге, кез-келген кезеңдегі аяқ-қол басының отауын (ампутациясын) жасауға, новокаиндық бөгеу (блокада) өткізуге және ауырсынуды басатын заттектерді енгізуге болады, трахеостемия мен асфиксияны болғызбау мақсатында тілді тігуге, хирургиялық өңдеуге келмейтін күйік пен жара туалетін өткізуге, шұғыл гинекологиялық көмек көрсетуге және басқа да шараларды өткізуге мүмкіндік береді.

Г-8 жиынтығы (үлкен операцияндық)

- Омедб соединений, омедо, омедр операцияларын және госпитальдерді жабдықтандыруға арналған. Бұл жиынтық Г-10 жиынтығымен бірге пайдалануға және жаралылар мен толық көлемде күйгендерге екі хирургиялық бригаданың квалификациялық хирургиялық жәрдем көрсетуіне есептелінген.
- Хирургиялық аспаптарды жиынтықтар (кіші және үлкен операцияндық жиынтықтар) және бөлек құралдар түрінде, офтальмологиялық жәрдем көрсетуге арналған құралдарды және басқа да заттарды қамтиды.
- Г-8 жиынтығы сыртқы және ішкі қан кетуді толығымен тоқтатуды, бассүйектің декомпрессиондық трепанациясын, ламинэктомию мен трахеостомияны, торакотомия мен лапаротомияны, ашық пневмоторакс жараларын тігуді, несеп қуығының және тікішектің ішперде сыртқы бөлігінің (внебрюшинной части) зақымдануында операция жасауды, кез-келген кезеңдегі аяқ-қол басының отауын (ампутациясын) жасауды, офтальмологиялық жәрдем көрсетудің шұғыл шараларын және басқа да шараларды орындауды қамтамасыз етеді. Мүлік бір №1 медициналық жиылғыш жәшікте орналастырылады.

Г-10 жиынтығы (операциялық заттар және материалдар)

- Омедб соединениелерінің, омедо, омедр госпитальдерінің операция алдындағы және операция бөлмелерін жабдықтандыруға және жаралылар мен күйгендерді бақылау мен күтуге арналған құралдармен жабдықтандыруға арналған. Г-10 жиынтығы Г-7 және Г-8 жиынтықтарымен бірге пайдалануға есептелінген және жаралылар мен толық көлемде күйгендерге үш хирургиялық бригаданың толық көлемдегі квалификациялық хирургиялық жәрдем көрсетуіне есептелінген.
- Науқастарды бақылау мен күтуге арналған құралдарды, инъекция құралдарын, медициналық шығын құралдарын, санитарлық-шаруашылық мүліктерін және басқа да заттарды қамтиды. Жиынтық құрамындағы құралдар медбикенің жаралылар мен күйгендерді операцияға дайындауын, яғни тексеру мен бақылау, шаш алу мен жара айналасындағы жүндерді (волосистой части) қыру, несеп қуығының катетеризациясы, таңғышты алу және жара маңайын өңдеу, хирургиялық аспаптарды зарарсыздандыру және басқа да шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

■ Г-12 жиынтығы (шатырлық)

- Омедб соединениелерінің, омедо, омедр госпитализация бөлімдерін жабдықтандыруға арналған. Ол дәрігер мен медбикелерді квалификациялық терапиялық көмекке қажетті дәрігерлік және басқа да заттармен қамтамасыздандыруға есептелінген. Дәрігерлік құралдар мен хирургиялық аспаптарды, инъекция құралдарын, науқастарды бақылау мен күтуге арналған құралдарды, зиянсыздандыруға арналған жабдықтарды, қан мен қан алмастырғыш ерітінділерді құю өткізетін жабдықтарды, шығын медициналық заттарды, санитарлы-шаруашылық және басқа да мүліктерді қамтиды.
- Жиынтық құрамындағы заттардың көмегімен жаралылар мен науқастардың тексерілуі мен емделуін, сонымен бірге глюкозды-тұзды ерітінділермен және қан алмастырғыштармен инфузиондық терапия өткізуді, нативті қанның енуін, артерия қысымын өлшеуді, термометрияны, сіңір рефлекстерінің зерттелуін, инъекция жасауын және дәрігердің басқа да тағайындаған емдерін, сондай-ақ науқастар мен жаралыларды күтуін қамтамасыз етеді. Мүлік медициналық жиылғыш № 3 жәшікте орналастырылады.

■ **«Г-13» жиынтығы (қызмет ету заттары)**

- Омедб құрамаларының, омедо, омедр және госпитальдердің емдеу бөлімдерін жабдықтандыруға арналған. Жаралылар мен науқастарға квалификациялық медициналық жәрдем көрсетудегі 50 аралас және 25 инфекциялық төсекке (орынға-коек) қызмет көрсетуге арналған. Жаралылар мен науқастарды күту шараларын өткізуді қамтамасыз ететін күтім заттарын және санитарлы-шаруашылық мүліктерін қамтиды. Мүлік медициналық жиылғыш №1 жәшікте орналастырылады.

■ **«Г-14» жиынтығы. Булық стерилизатор примуспен**

- Штат бойынша стерилизациялы-дистилляцияндық қондырғысы жоқ мекемелердегі дәріхана мен стерилизация бөлмесі (стерилизационной) үшін арналған. Бір тәулік бойына таңу құралдарының стерилизациясын 100 жаралыға немесе 100 л.инъекциондық ерітінділерге (салмағы 95 кг.) қамтамасыз етеді.

- **«Г-15» жиынтығы. Дәрі-қобдишалық шаруашылық инвентарі**
- Дәріхана мен медициналық қойманы жаюға арналған. Дәріхана жұмысын шығындық мүлікпен бір ай көлемінде қамтамасыз етуге арналған. (салмағы 64 кг.)
- **АН жиынтығы (анестезиологиялық)**
- Омедб құрамаларының, омедо, омедр және госпитальдердің операциялық- таңу бөлімшелерін жабдықтандыруға арналған. Дәрігер-анестезиолог пен екі анестезиолог-медбикені мамандырылған және арнаулы медициналық көмек көрсету үшін арналған құралдармен қамтамасыз етуге арналған.
- «Фаза-5» ӨЖҮ (ИВЛ) аппаратын, дәрігерлік заттарды және хирургиялық аспаптарды, инъекция құралдарын, зарарсыздандыруға арналған жабдықты, медициналық шығындық және басқа да жаралыларға, күйгендер мен науқастарға мамандырылған және арнаулы медициналық көмек көрсетудегі, соның ішіндегі өкпенің жасанды үрленуін, жалпы анестезия мен интенсивті терапия өткізуді, сонымен бірге өкпенің жасанды үрленуін, дәрілерді парентеральды енгізуін, артерия қысымын өлшеуді және басқа да шаралардың орындалуын қамтамасыз ететін басқада заттарды қамтиды.

■ Ш-1 жиынтығы (шокқа қарсы)

- Омедб құрамаларының (соединений), омедр және госпитальдердің интенсивті терапия палаталарын жабдықтандыруға арналған. Ол мамандырылған медициналық жәрдем көрсетуде шокқа қарсы шараларды өткізуге есептелінген.
- Медициналық жиынтықтарды (венесекция мен трахеостомияға арналған саймандар жиынтықтарын), интенсивті терапия құралдарын, дәрігерлік заттар мен хирургиялық аспаптарды, инъекция құралдарын, залалсыздандыру жабдықтарын, санитарлы-шаруашылық мүлікті, медициналық шығындық және басқа да заттарды қамтиды.
- Жиынтық құрамындағылар трансфузиондық және оксигенотерапия өткізілуін, соның ішінде циркуляцияланушы (циркулирующей) қан көлемінің толықтрылуын, тыныс алу бұзылысын, трахеостомияны болдырмауды, оттекті терапия мен өкпенің жасанды үрленуінің өткізілуін, қан кетуді тоқтатуды, артерия қысымын және дене температурасын өлшеуді, дәрмектерді парентеральды енгізілуін және басқада шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

- **«РО-1» жиынтығы** – жаралылар мен ұрыста күйгендерді емдеуге арналған дәрі-дәрмектер. 200 жаралы мен күйгендерге 1-2 тәулік бойы алғашқы дәрігерлік жәрдем көрсетуге арналған. (салмағы 29 кг)
- **«ЛУЧ» жиынтығы** – ішке кірген радиациямен зақымданғандарды емдеуге арналған дәрі-дәрмектер. 200 иондалған сәулелермен зақымданғандарға 2-3 тәулік бойы мамандырылған медициналық жәрдем көрсетуге және емдеуге арналған. (салмағы 46 кг)
- **«РО-2» жиынтығы** –жаралылар мен күйгендерді (госпитальдық) емдеуге арналған дәрі-дәрмектер. Омедб, омедо-да 2-3 күн бойы 200 жаралы мен күйгендерге мамандырылған медициналық жәрдем көрсетуге, госпитальдерде хирургиялық профильдегі 100 төсекке 15 күн операциясына немесе ұрыс аралық кезеңдегі 30 күнге есептелінген. (Салмағы 160 кг.).
- **«ОВ» жиынтығы** – улағыш заттармен зақымданғандарды емдеуге арналған дәрі-дәрмектер.
- Омедб, Омедо и ВПГ жеке медициналық роталарының антидоттық терапиясына арналған. Фосфорлы-органикалық және психохимикалық улағыш заттармен зақымданған 180 адамға есептелінген. Ух-газдармен, тұрақты улағыш заттармен зақымданған 10 адамды және цианидтармен зақымданған 10

■ Тыңдағандарыңызға
рахмет!